



# Жалағаш

## Жаршысы



№77 (9964)

30 қыркүйек

сенбі

2023 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

## Құттықтау

### Құрметті ардагерлер!

Баршаңызды халықаралық қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1990 жылы 14 желтоқсанда 1 қазан күнін «Халықаралық қарттар күні» деп атау жөнінде шешім қабылдады. Сол уақыттан бері Қарттар күні әлем елдерінде аталып өтуде.

Жылда нәсібелі күздің өдемі күнінде келетін бұл мереке – біз үшін өзіндік орны бар тамаша мереке. Біз – сонау ықылым заманнан бері үлкенді құрметтеген, қарияларымыздың орны қай кезде де терде деген халықпыз. Қазақ қоғамының алтын дінгеі қазыналы қарияларымыз аман болсын. Олар барда біз биікпіз, мықтымыз, құдіреттеміз.

Еліміздегі мамыражай, берекелі тірлік бүгінгі ардагерлердің жанқиярлық еңбегінің, төккен төрінің жемісі десек, қателеспейміз. Ардагер әкелеріміз бен аналарымыз ұрпақтарының бақытты болашағы үшін қоғамның, аумалы-төкпелі заманның алапат дауылдарын басынан өткізіп, ердің ері шыдайтын қиыншылықтарды мойнымен көтерді. Тағдыр аға буын әкелеріміз бен аналарымыздың маңдайына кешегі өткен соғысты, соғыстан кейінгі қиыншылықтарды көтеруді, еліміздің тәуелсіздігін қалыптастырып, баянды ету үшін еңбек етуді жазды. Олар тағдырдың жүктеген сол міндеттерін абыроймен орындады. Сондықтан қарттарымыз үлкен құрметке лайық.

### Қадірлі ардагерлер!

Отанды қорғауды, елім деп өміреніп еңбек етуді, адамдарға жақсылық жасауды жастар сіздерден үйренеді, елдің егесі болатын келешек ұрпақ сіздерге қарап бой түзейді. Осы тұрғыда сіздердің елдің кемел келешегі үшін еткен жасампаз еңбектеріңіз мәңгі жасай бермек. Ардагер әкелеріміз бен аналарымыз ауданда жасалып жатқан жұмыстарға, қоғамда болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарға бейжай қарамайды. Сіздер ауданның әлеуметтік-мәдени өміріне белсене араласып, болып жатқан игі шараларда белсенділік танытып келесіздер.

Қазіргі таңда аудандық ардагерлер ұйымы 4 мыңға жуық (3822) зейнеткер ардагеріміздің 79 ұйымға басын біріктіріп отыр. Олардың 2247-сі ауылдық округтерде, 1575-і аудан орталығында есепте тұрады. Ардагерлер ұйымының жұмысына аудандық ардагерлер кеңесі басшылық жасайды. Бұл аудандық ардагерлер кеңесін 2009 жылдан бастап білікті басшы, ауданның құрметті азаматы Садық Алиев ағамыз басқарып келеді. Аудандық ардагерлер кеңесінің жұмысы ардагерлердің қоғамдық өмірге белсене қатысып, олардың салауатты өмір салтын қалыптастырып, жақсартуға бағытталған.

### Құрметті ардагерлер!

Қарттарымыз қашан да, қай заманда да халқының, ұрпағының тілеуіне, қамқоры болып келеді. Ұлағатты сөзімен халықтың жүрегіне болашаққа деген сенім ұялатып, жас ұрпақты жарқын болашаққа үндей білетін сіздер барда аспанымыз ашық, тіріліміз берекелі, түтінсіз тузу болатыны сөзсіз.

Қарияларымызға Алла қуат берсін. Сіздерді халықаралық Қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілейміз!

Құрметпен, аудан әкімі  
Асқарбек ЕСЖАНОВ

## Салтанатты шара



## Қариялар құрметке бөленген күн

Ел мүддесін бәрінен биік қойып, өзінен кейінгі ізін ерген ұрпағына ұлылығын көрсетіп, бір қауымға бас-көз бола білген ақсақал-аталарымыз бен ақжаулықты әжелеріміздің қашанда орны ерекше. Халқымыздың ерекше қасиеттерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық, ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақилы төлегей теңіз болып келеді. Міне, осындай теңеге лайық қазыналы қарияларымыздың мерейлі мерекесі кеше аудандық мәдениет үйінде аталып өтті.

Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілікте тыныш өмір сүруіне өз үлесін қосқан ардақты ата-әжелеріміз. 1 қазан – саналы ғұмырында тынымсыз еңбегімен мемлекетіміздің негізін қалауға жоқ ашқан алдығын бұрын ардагерлердің төл мерекесі. Олардың өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа өнеге.

Салтанатты шараға аудан әкімі Асқарбек Есжанов пен облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Әмірбек Шәменов және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Алиев қатысып, қазыналы қарттарымызды мерейлі мерекеміз құттықтады.

– 1990 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы 1 қазан – Халықаралық қарттар күні деп бекітті. Біздің иісі қазақ ықылым заманнан қарттарын қадірлеп, төрге оздырған және бір қарт бір ауылдың ұстазы атанған. «Ауылда қария болса, жазып қойған хатпен тең» деген дана халқымыз. Бүгінгі қарттарымыз – біздің байлығымыз. Бұл мерекенің маңызы да, мағынасы да ерекше. Жыл сайын сонына әсем күзбен қатар келетін бұл мерекенің де күз айында тойланып тұғын емес. Себебі барлық өнім күз айында жемісін береді. Қазыналы қарттар да – халықтың, ұлттың жемісі. Сіздер жүріп өткен жол ұрпаққа өнеге, ұлағат. Сіздер ауданның әлеуметтік-экономикалық, әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып жүрсіздер. Елді бірлікке, ынтымаққа

шақырып, қазіргі қоғамда алдымызда осылай ақилшы болып жүрулеріңіз біздер үшін үлкен бақыт. Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын! Талай жылғы бейнеттің зейнетін көріп отырсыздар. Ең бастысы, еліміз аман жұртымыз тыныш болып, бірлік пен ынтымағымыз жараса берсін, – деді аудан басшысы Асқарбек Темірбекулы.

Шарада Асқарбек Есжанов ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосқан қарияларға Жалағаш ауданының «Құрметті азаматы» күәлігі мен төсбелгісін табыстап, олардың ерекше еңбегін атап, ризашылығын білдірді.

Марапат иесі Төлеміс Бектаев 1935 жылы Мақпалкөл ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын ең алғаш Мақпалкөл ауылында елші болып бастап, зейнеткерлік жасқа дейін ауыл шаруашылығы саласында аянбай қызмет еткен. Бүгінге дейін атқарған еселі еңбегі ерлігі, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, «Қызылорда облысына – 70 жыл» және Ұлы Отан Соғысы Жеңісінің 60-65 жылдық медальдарымен марапатталған. Ол қоғамдық жұмысқа да белсене араласып, 1999 жылдан бастап ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы атанған. Отбасында 11 бала тәрбиеленіп өсірген үлгілі әке. Құндызбай Абылбаев 1939 жылы Аққум ауылында дүниеге келген. Жастайынан

еңбекке белсене араласып, шаруашылықтың комсомол хатшысы, комсомол-жастар бригадасының бригадирі, Аққум совхозында бас зоотехник, Жаңадария, Қаракөл қой совхозында ферма меңгерушісі, директордың орынбасары болып жұмыс атқарған. 1996 жылдан бастап 2013 жылға дейін Жаңадария ауылының ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарып, қоғамдық жұмысқа белсене араласуда.

Ал Сақтапберген Медетов 1945 жылы Жаңадария ауылында дүниеге келген. 1968-2008 жылдары Ақарық колхозында егін шаруашылығының күршішісі, өндіріс бригадирі қызметтерін атқарған. «Еңбек Қызыл Ту» ордені, «Лениннің 100 жылдығы» медалінің иегері, социалистік жарыстың жеңімпазы және облыстық, аудандық кәсіподақ комитеттерінің грамоталарымен марапатталған ол бүгінде Жалағаш ауданының Құрметті азаматы атанды.

Мұнан соң аудан басшысы Асқарбек Темірбекулы 80, 85 жас мерейтой иелерін де мерейлі мереке қарсаңында назардан тыс қалдырмай, қазақтың жөн-жоралғысы бойынша иығына шалап жан жауып, құттықтады.

85 жас мерейтой иесі Загира Сейтенова 1938 жылы Жалағаш кентінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1957 жылы аудандық орталық аурухананың балалар консультациясында

медбике жұмысынан бастап, 1988 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққан. Тыл ардагері көп жылдар бойы еткен еңбегі үшін «Құрмет» грамоталары және алғыс хаттарымен марапатталған.

Ауданның құрметті азаматы Рысбай Кәрімов – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ер есімі – ел есінде», «Жылдар, адамдар, тағдырлар», «Өмірім – елімің тарихы», «Ағайынды Бозжановтар» атты кітаптардың авторы. Білім, ауыл шаруашылығы саласында еңбек ете жүріп, партиялық жұмыстарды да абыроймен атқарып, бірнеше мәрте ауылдық, аудандық кеңестердің депутаты болып сайланған. Биыл қазыналы қария 80 жасқа толып отыр.

Бұдан әрі шара облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Әмірбек Шәменов және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиевтің құттықтауымен жалғасты. Әмірбек Мерәліұлы мерейтой иелері Загира Сейтенова мен Рысбай Кәрімовті «Облыстық құрметті ардагері» медалімен марапаттап, сый-құрмет көрсетсе, Садық Әлиев аудандық ардагерлер кеңесі былдан бастап «Ауданның құрметті ардагері» деген марапат беруге шешім қабылдағанын жеткізіп, мерейтой иелерімен қатар бірқатар азаматтарға «Ауданның құрметті ардагері» медалін табыстады.

Болашақтың даңғыл жолын даярлап, кейінгі берер тәлім-тағалымдары мол қазыналы қарттарымызға арналған шара соны аудан өнерпаздарының мерекелік концертінде ұласты.

Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ

## Ауданда ауқымды жобалар жүзеге асты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында ауылдық елді мекендер әлеуетін арттыруды назардан тыс қалдырған емес, тіпті Үкіметтің кеңейтілген отырыстарында да Президент пәрмені ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасын арттыруға бағытталды. Кез келген саланы дамытуға қатысты бағдарламалар мен жобалардың мақсатына үңілсең, елді мекендер еңсесін тіктеуге негізделгенін аңғару қиын емес. Кешегі Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мен әкімдердің халықпен кездесулерін өткізуге қатысты арнайы Жарлығы да осы мақсатқа негізделген. Иә, әкімдердің халықпен есепті кездесуі бұрын жылына бір өтетін. Президент пәрменінен кейін мұндай кездесулер 4 мәрте ұйымдастырылады. «Жалағаш жұрты бұл Жарлықтың жемісін көріп отыр» деп толық айта аламыз. Ал сөзімізді қуаттай түсу үшін аудандағы тұралаған мәселелердің шешіміне арналған жобаларды тарқатсақ, әңгімені әріден бастауға тура келеді.

### Шалғай ауылдар шаруасы шираған

Сәрсенбінің сәтті күні аудан әкімі Асқарбек Есжанов шалғайдағы Жаңадарияға табан тіреді. Мақсат сол,

халық алдында өңір әлеуетін арттыру мақсатында атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы мақсат-міндеттерді кеңінен тарқату, содан кейін елде әлі де қандай мәселелер бар, соған көз жеткізу үшін халық үніне құлақ түреді. Иә, атқарылған жұмыстар ай-

тылды, алдағы мақсат-міндеттер де қоса қамтылды. Бірақ шалғайдағы ағайынның бұрынғыдай мәселесі шаш-етектен емес. Рас, осыған дейінгі сапарымызда біршама мәселе көтерілді. Есет батырмен екі ортаны жалғайтын сапасыз жолдың жайы,



ауылдағы ішкі кешелер мәселесі, Жаңадария жұртының бақша салуына қолбайлау болған аяқ су тапшылығы, бәрі-бәрі ауылдағы ағайынның талап-тілегіне арқау болған. Енді жоғарыда айтылған мәселелердің шешімі болды ма, осы сауалдың түйінін тарқатсақ...

Елдің мәселесін шешуде Асқарбек Есжанов арық сөйлеп, семіз шықты, иә, бұлай жазуымызға да себеп жоқ емес. Тұрғындарды тыңдап болғаннан кейін «барлығы қаражатқа келіп тіреледі, мүмкіндік болып жатса, кезең-кезеңімен шешуге жұмыс жасаймыз» деген талай өкімді біз де тыңдадық, «бұл жолы да ары қарай сөз жалғасы осылай болады, кейін айтып отырғандарыңызды әлі қанша өкім-

нің тұсында қайталайтындарыңды кім білсін» деп іштей ой түйгенімізді де несің жасырамыз, бірақ өкімнің әңгімесі мүлде басқа арнада өрбіді, мұнан кейін «шалғай ауылдағы шат-қажатқан шаруа алдағы 1-2 жылда ширайды» деп ешкім ойлаған жоқ. Міне, «Асқарбек Есжанов арық сөйлеп, семіз шықты» дейтінім де сондықтан.

Бұл жолы ауылға сапарымызда бұрынғыдай «қай шұқырға көліктің астын ұрады екенбіз» деп алаңдаған ешкім жоқ, себебі халық айтқан мәселе шешімін тауып, былтырдан бері Жаңадарияда жол құрылысы қарқын алған. Міне, бұл да – сол кездесуде өкімнің ауылдағы ағайын

көтерген мәселеге бейжай қарамағанының жемісі.

Мұнан бөлек ішкі кешелер сапасы да жақсарған, елдің тынысын тарылтқан аяқ су мәселесі де шешімін тауыпты, соның арқасында Жаңадария жұрты биыл 300 гектарға жуық алқапқа бақша салып, сапалы өнім жиды, қыстық азығын қамдап алуына да мүмкіндік туды. Кешегі елордадағы Сыр диқандары ұйымдастырған жәрмеңкеде «Жаңадарияның қауын-қарбызы бар ма?» деген елдің суранысы да ондағы өнім сапасының жоғары болғанына хабар беріп тұрғандай.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ





## Ауданда ауқымды жобалар жүзеге асты

Таң атысымен шаруаға асыққан шалғайдағы жұрт бұл жолы бірде-бір мәселе көтермеді, рас, бірлі-жарым ойда жүрген мәселесі бар екен, бірақ сауалдан бұрын оның шешіміне қатысты жауапты Асқарбек Темірбекұлы бірінші болып түйіндеді. Халық ризашылықпен қоштасты, ақсақалдар батасын беріп, алдағы мақсат-міндеттердің орындалуына сәттілік тіледі. Осылайша тақтайдай тегіс жолмен келген ізмізбен кері қайттық, бірақ тура кентке емес, кестеге сәйкес аудан басшысын Аламесектегі ағайын күтіп отыр. Ауылдық мәдениет үйінде есепті кездесу жалғасты.

Мұнда да әдеттегідей аудан бойынша қолға алынған жобалар кеңінен тарқатылды, соңғы екі жылда Есет батырда да еңселі жобалар жүзеге асқаны ауылдағы ағайынға аян. Аудан басшысының ауызын бақсақ, келер жылы да Аламесекте осыған дейін аудан өкімімен кездесулерде халық көтерген бірнеше мәселе шешімін тапқалы түр.

Иә, ол болмайтын істі «болдырамын» деп құрғақ үдемен құлақты қажайтындардың сұрпынан емес. Бұл сөзімізді «басшыға жағын» деп түймендідер, төртінші билік өкілдеріне төтеннен келіп, ешкім төбеден қараған емес. Елдің алдында айтқан сөзің ісімен дәлелденген азаматқа берілген баға бұл. Көшегі кездесуде халықтың та пікірі осыған саяды.

Аламесекте бірнеше жылдан бері тұралаған мәселелердің соңғы 1-2 жылда түйіні тарқатылғанын ауылдағы ағайынның өзі айтып отыр. Мәселен, Бұғыбай ақсақалдың сөзіне сенсек, ондағы ақшалатты абзал жандар 15 жылдан бері апатты жағдайдағы нысанда науқастарға медициналық қызмет көрсетіпті. Тек

көнде бірнеше жоба жүзеге асқан. Алдағы жылы игі бастамалар жалғасын табатын іспетті.

Батыр атындағы ауыл жұрты да аудан басшысының атқарған жұмыстарына риза және алдағы жобалардың жүзеге асуына тілекші. Мұны ақсақалдардың берген батасынан бағамдадық.

Келесі сапарымыз Еңбекте жалғасты. Ауылдағы мәдениет ошағына жиналған аққошқарлықтар да ауданда атқарылған жұмыстар мән алдағы мақсат-міндеттерден хабардар болды. Елді мекен халқы ішкі көшелер саласына қатысты бірнеше мәселе көтерді. Бірақ бұған қатысты бұрын жоба да әзірленген қаражат та қаралып, мердігер де белгілі болған. Алайда техникалық базасы жарақсыз жұмыскерлерге жарқын жобаны сеніп тапсыруға жергілікті билік өкілдері жүрексініпті.

Ешкімді алапаймайсың-ау, бірақ ауылда көшелерге асфальт төселеу – елдің ең басты арманы. Ал оның сапасы көп ұзамай сыр беріп жатса, мердігердің мүлде ештеңесі кетпейді. Айналып келгенде кім жаман, өкім жаман. Аудан өкімінің әрбір жобаның өміршеңдігіне аса мән беретіні сондықтан. Қарапайым ғана мысал қажет пе, онда оны да келтіре кетейік...

Биыл кент пен Ақсуды жалғайтын ауылға кіреберіс жолдың мәселесін шешуге жергілікті билік мықтап кірісті. Асқарбек Есжановтың бұл жобаларды қорғарда шырылдайтындай тағы да реті бар, себебі сол жолдың сапасыздығынан оның бойында бірнеше рет келік апаты орын алып, тіпті адам шығыны да тіркелген жергілікті тұрғындар қалталарынан қаражат шығарып, жолды жөндегенді болды. Алайда қарапайым ауылдағы



Асекеңнің тұсында көтерілген мәселе емесі айдан анық, бірақ оның осы күнге дейін шешімін таппауына не себеп, ол жағы бір Құдайға аян.

Осыған дейінгі халықпен кездесуде аудан өкімі бұған қатысты жобаның қаржылай қолдау тапқанын айтып, елге сүйінші жаңалықпен оралған. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейтін көптің жүзіне қуаныш үйірілген де байқағанбыз. Кеше Жаңадариядан қайтып келе жатып, емхана құрылысының белортдан асқанын бағамдадық. Ал Асқарбек Темірбекұлы қарашада бұл нысанды қарашаның иілігіне беруді жоспарлап отыр.

Кездесуде Бұғыбай қария тағы бір ұсыныс айтты. Осыған дейінгі ауылдағы жалғыз емхана ғимаратын спорт үйірмесіне айналдырса дейді. Иә, ол біршама уақытты алады, себебі басқармаға қарасты нысанды қайтадан ауданның мәнішті алу керек, одан кейін жөндеу жұмыстары тағы бар. Қасына қосқан әріптестерімен ел алдында ақылдасқан Асқарбек Темірбекұлы бұл жолы да келісіп пішін тонды келте қылмады. Бір сөзбен айтқанда, ақсақалдың талап-тілегі ескеріліп, алдағы уақытта зерделу жұмыстары жүретін болды.

Өлтай Пирманов өкіміздің де өз айтары бар, сөзіне сенсек, Аламесекте ішкі көшелер сапасы сын көтермейді, ауыз су жүйесі де кеңейтілуді қажет етеді, ал жел соқса, жалп ететін электр жарығының тағы да тозығы жеткен.

Иә, осының тұралаған мәселелердің шешіміне жұмыс жасамай жергілікті билік өкілдері жай жатқан жоқ. Келер жылы құрылысын бастау үшін қазіргі таңда электр жарығын күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалар қолға алынған. Мұнан бөлек Төлеген Бисенбаев, Әмірбай шешен, Сарман Батыр, Бөлекбай би және Жаңақоныс көшелерін асфальттауға қатысты да тың жобалар қолға алынған. Ал ауыз су жүйесін кеңейтуге қатысты жоба қолдау тапса, келер жылы оның да құрылысы басталмақ.

Бір ғана ауылдан осыныша жобаның жергілікті билік назарында болуы ауылдағы ағайынның талап-тілегі жерде қалмағанын аңғатса керек. Енді қаржылай қолдау тапса болғаны, «алдағы жылы Аламесекте құрылыс қарқын алады» деген сөз.

Ауыл жұрты тек ауданға қарап алақан жаудан аулақ, бірлікті ту еткен Есет батырдағы көсіккерлер, шаруашылық төрағаларының демеушілігімен де осыған дейін елді ме-

ағайынның қалтасынан шыққан тиын-тебен үлкен жолдың жұртығын жамайды дейсіз бе?.

Не керек, әйтеуір ауданда өкім болып келгенде осындай қиын күндер өткенін Асекеңнің назарына қалың бұқара салғаны бар, көп ұзамай жолдың жөндеуіне қазынадан қаражат қаралатын болды. Бас-аяғы кент пен екі ортадағы жолдың құрылысына 70 млн теңгеден астам қаржы қаралған. Бірақ сапасы жол құрылысының жүрдім-бардым жасалғанын аңғартты. Несін жасырамыз, біз де 70 млн теңге желге кетті дедік. Алайда аудан өкімі осы істі аяғына дейін жеткізіп, түбінде қайта асфальттатты. Ал Еңбектегі көшегі халық көтерген жол мәселелерін де құрал-сайманы жарақсыздарға сенім тапсырғанда аяғы осылай болатын ба еді, тағы да кім білсін?.

Оның әрқайсысымен сот тасып жүруге кімде бос уақыт бар дейсіз қазір? Міне, осы тұста Асекеңнің шешімін қос қолдап қолдайтынмыз да сондықтан.

Негізінен еңбекте айтарлықтай мәселе жоқ, жергілікті шаруашылық төрағасы Шакизатхан Ысқақов ауылдың ішкі мәселелерін өзі-ақ шешіп жатыр. Бүгінгі жинды айтарлықтай мәселе көтерілмегені содан ба дедік.

Елді мекендерді аралап, жергілікті тұрғындармен кездесу өткізіп жатқан аудан басшысы үш ауылды артақтап, Аққұм ауылына табан тіреді. Жергілікті тұрғындармен кездесу барысында аудан бойынша 8 айда атқарылған іргелі істерді баяндап, алдағы жылға негізделген жобалардан халықты хабардар етті.

Сондай-ақ Асқарбек Темірбекұлы аққұмдық ағайындарға бүгінгі күнге дейін ауыл тұрғындары тарапынан көтерілген өзекті мәселелердің көзек-көзекімен шешімін тауып жатқанын жеткізді. Аққұм елді мекенінде су тарату жүйесінен аулапайлық су тарату желісінің құрылысы жобасын қоса қаржыландыру аяқталып, бүгінде нысан пайдалануға берілді.

– Биыл Аққұм елді мекенінің 10 көшесіне, атап айтқанда, Х.Сарбасов, Аққұм, И.Мұстапов, І.Доспанбетов, Р.Қиязов, Е.Түменбаев, З.Лекерев, Жастар, Желтоқсан, Б.Ақдәулетов көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша жобалар қолға алынды. К.Бекенов көшесін жарықтандыруға мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ Еңбек және Аққұм ауылдарының ішкі көшелерінде орналасқан түнгі жарықшамдар зама-

науи түрлі-түсті кескіндегі шамдармен ауыстырылды. Елді мекендегі санитарлық тазалық және абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылып, күл-қоқыс полигонын қоршау жұмыстары жүргізілді. Биыл көшелерді жөндеу жобалары қолға алына, алдағы уақытта басқа да жұмыстарының рет-ретімен орындалатын болады. Бастысы, ауданға қарасты елді мекендер жарқын жобалар мен тың бастамалардан тыс қалмайды, – деді аудан басшысы Асқарбек Темірбекұлы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына сәйкес «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автоделізіне өткен орнату мәселесі облыстық мемлекеттік депутаты Әмір Шаймағамбетов алдағы уақытта қолдау табатынын жеткізді. Биыл «Бірлік-А» ШҚ-ның қолдауымен 2,8 млн теңгеге Аққұм ауылдағы Нұржолжаев көшесі мен орталық алаңға жарықтандыру жұмыстары жасалған. Осы тұста аудан өкімі Асқарбек Темірбекұлы ауылдың дамуына үлес қосып отырған жеке кәсіпкерлерге алғысын білдірді.

Кездесу соңында аудан басшысы Асқарбек Есжанов барлық ауылдық округтер бойынша тұрғындар тарапынан туындаған мәселелерді шешу мақсатында тиісті сала басшыларына тапсырмалардың уақытылы орындалуын жеткізді.

### Қаракеткенде 12 көше асфальтталады

Аудан өкімінің есепті кездесуі аудан орталығынан солтүстік-батысқа қарай 21 шақырым қашықта Сырдария өзенінің оң аңғарында орналасқан Қаракеткен ауылдық округінде жалғасты. Ауылға кіреберіс жолға беттенген көзіміз қызу жұмысқа түсті, сөйтсек елді мекеннің кіреберісіне жаңа заулім арка мен ауыл төлқұжатын орналастырып жатыр екен. Жыбырлаған тірлікті көріп, ауылдағы ағайынның еңсесі көтеріңкі екеніне іштей разы болдық.

Есепті кездесуге ауыл тұрғындарының барлығы дерлік қызығушылық танытып, түстен кейін ауылдық клубқа жиналған. Негізінен ауылдық елді мекендердің тынысымен танысу үшін Асқарбек Темірбекұлы бұл ауылдарға 3 ай жаздың ішінде бірнеше рет барған. Алайда бұл есепті кездесудің мәні бөлек еді, себебі мұнда аудан бойынша атқарылған жұмыстар, алдағы мақсат-міндеттер сараланады, ауылда

нөңдей мәселелер болса, тік тұрып жергілікті халықтың үніне құлақ түреді. Өңір басшысы алдымен жергілікті тұрғындармен амандық-саулық сұрасып, содан кейін аудан көлемінде атқарылып жатқан жобаларға кеңінен тоқталды.

Иә, бұл елді мекенге бұрын да жолымыз түскен. Қаракеткенде біраз мәселенің осы күнге дейін де шешімі табылған. Қос елді мекенді қамтитын ауылдық округте ауыз су жүйесі жаңартылып, бүгінде ел иілігіне берілген. Мектебі де жаңа, 5 орындық аурухана, ауылдық клуб халыққа қызмет етуде.

Мынан аса халқы бар Қаракеткен ауылдық округінде Сыр салысын себетін егін алқабы болмағанымен мұнда халық көсіп ашуға белсенді. Мал шаруашылығын дамытуға ден қойған ауыл тұрғындары көсіптің бұл түрін табысын еселеп отыр. Бүгінде мал шаруашылығымен айналысатын 5 жеке кәсіпкер, ауыл халқын азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған «Фариза», «Жанжаз» жеке сауда орындары жұмыс жасап тұр.

«Үзденді орындау ер азаматқа парыз» демекші, Асқарбек Темірбекұлы бүгінгі күнге дейінгі есепті кездесулерде көтерілген сауалдардың бір-шама осы шешімін тапқанын, яғни тиісті жұмыстардың басталғанын жиналғандарға жеткізді.

Қазіргі таңда елді мекенде тұрғын үйлер секторының электр желілері бойынша «Универсал Строй Сервис» ЖШС құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар тұрғындарды аяқ сумен қамту мақсатында 1 техникалық су ұңғымасын бұрғылау аяқталып, бүгінде насос орнату жұмыстары басталған. Жоба бүгінгі күнге 50 пайызға орындалып тұр. Далдабай елді мекенінің балалар ойын алаңын ағымдағы жөндеуге аудандық бюджеттен 5 млн теңге бөлініп, «Сертификаттау-сынақ орталығы» ЖШС жөндеу жұмыстарын бастап кеткен.

Сондай-ақ аудан өкімі Асқарбек Есжанов ауылға кіреберіс автомобиль жолын жарықтандыруға және 150 орындық ауылдық клуб құрылысына ЖСК әзірленіп, бюджеттік өтімдері жұмыстары орындарға жолданғанын сүйіншіледі. Келер жылы ауылда қызу құрылыс жұмыстары басталмақ, нақтырақ айтсақ, бүгінде Далдабай елді мекені қоса 12 көшеің күрделі жөндеуге және дөрігерлік амбулатория құрылысын салуға жоба сметалық құжаттар әзірленуде.

Өткен кездесулерде тұрғындар ауылға жаңа жедел-жердем келігі қажет екенін айтып келген. Бұл ұсыныс та Асқарбек Есжановтың назарынан тыс қалмады. Суранысты қанағаттандыру бойынша ауылға жедел жәрдем келігі де табысталған.

Иә, ауыл әлеуетінің ілгерілеуі мен өркендеуі – бүкіл елдің дамуы. Десе де ел болғасын ауыл өмірінде кейбір мәселелердің туындайтыны рас. Осы ретте тоқсан сайын үрдіске айналған өкімдердің халық алдында есеп беру кездесуі елді мекен ахуалын жақсартуға үлкен септігін тигізді. Басшыға айтылған сын халыққа да тікелей байланысты, себебі халықтың саяси белсенділігі оянса, ондағы тіршілік те жанданады. «Көш жүре түзеледі» демекші, аудандағы кейбір ауыл-аймақта барлық жағдай жасалған, әлеуметтік әлеуеті артқан. Бұл атқарылған жұмыс және халықтың, аудан басшысының, яғни өкімнің ел үшін еткен еңбегі.

### Көгілдір отынның игілігін көреді

Тақтайдай тегіс ауыларалық тас жолда көлігіміз жүйткіп келеді. Қасқағым сәтте М.Шәменов атындағы

ауылға да жеттік. Кіреберіс көшедегі қаз-қатар бағандарда ілінген шамдар кеш қарайса, ауыл ажарын айшықтай түсетіндей. Ауыл тұрғындары әдеттегідей жол бойын қоқыстан тазартып, ауыл келбетін одан бетер әрлеуде.

Ауылдың басты көшесі Бұқарбай батыр атындағы көшеге түстік. Асфальт жабындысының күні кеше төселгені көзге көрініп тұр. Әдеттегі көлік салдыры жоқ, екі жағында ықшамды жаяу жүргіншілер жолы, оң жағымызда келбеті келіскен мектеп ғимараты, сәулетті мешіт, бір сөзбен айтқанда, ауыл келбетіне көзіміз де, өзіміз де тәнті болудамыз.

Иә, өңір басшысы Асқарбек Есжановтың халық алдындағы есеп беру кездесуі ауданға қарасты М.Шәменов атындағы ауылда жалғасын тапты. Мал шаруашылығын Сыр салысын өндіруге үлкен үлес қосып отырғанын өңір халқы жақсы біледі. Сондай-ақ мал шаруашылығы да кең қанат жайып, кәсіпкерлер қатары артқан.

Аудан басшысы бастаған топ әдеттегідей ауыл халқының алдында тікесінен тік тұрып, тұрғындардың муң-мұқтажын, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Сондай-ақ тұрмыс түйткілдеріне қатысты қойылған сауалдар мен шешімін таппай жүрген мәселелері бойынша жауап берді.

Өңірде ауылдық округтердің ішкі жол мәселесі жыл санап оңайланып, толықтай жаңартылып келеді. Биыл ауылдағы Бұқарбай батыр көшесі күрделі жөндеуден өтсе, қазіргі таңда елді мекенге кіреберіс аудандық маңыздағы 1,4 шақырым автомобиль жолын және қосымша 3 көшені күрделі жөндеуге жоба сметалық құжаттар дайындалып отыр.

Ең бастысы, ауылда халықтың маңызды өмір сүру қажеттіліктері толықтай ауылдық клуб құрылысына ауыз су толықтай үйді-үйге жүргізілген. Ауыл руханияттың орталығы екенін аудан басшысы кездесулерде айтып келеді. Тек ауыл қана қоймай, ауылдарда мәдениет ошақтары мен спорт кешендерін жаңарту, қайта салу жұмыстарына баса мән беруде. Бүгінде ауылда мәдениет үйі мен білім ошағы жаңаланыпты.

Өрне ауыл халқының ең басты сұрағы елді мекенді газдандыру жұмысы болды. Бұл жөнінде өкім де қалың жұртқа жақсы жаңалығымен келіпті. Иә, Асқарбек Темірбекұлының нақты жауабы тұрғындарды бір серпілкендей болды. Нақтырақ айтсақ, М.Шәменов елді мекенін газдандыру жобасына облыстық бюджеттен 20 млн теңге бөлінген. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары аяқталып, құрылыс жұмыстары басталған.

Сондай-ақ ауылда елді мекенді дамыту мақсатында демеушілер есебінен атқарылып жатқан жаңа жобалар да жоқ емес көрінеді. Мәселен, соның бірі «MEGA-Agro» ЖШС-ның қолдауымен 5 млн теңгеге мәдениет үйіне 200 дана орындық орнатылған. Бір сөзбен айтқанда, ауылдың бүгінгі тынымсыз тірлігі тек бірлігімен келгенін айтпай-ақ аңғартып тұрған-дай. Аудан өкімі Асқарбек Есжанов қай ауылға барса да алдымен тұрғындардың тек тірлігін емес, бірлігін де көргісі келетінін баса айтты.

### Жол жайы жақсарған

Сапарымыз мұнан әрі аудан іргесіндегі Бұқарбай батыр ауылында жалғасып, аудан басшысы ауылдағы ағайынның талап-тілегіне құлақ түрді. Еңбекпен еңсе тіктеген елді мекеннің бүгінгі тірлігі тындырымды, шаруасы ширақ. Халқы да бірлікті ту етсе, ауыл өкімі елді мекеннің гүлденуіне жүйелі жұмыстар атқаруда.

Нақтырақ тоқталсақ, биыл Бұқарбай батыр атындағы ауылдың 3 көшесіне орташа жөндеу жұмыстары

жасалуда. Қазіргі таңда асфальт төсеу жұмыстары толық аяқталып, жол белгілерін орнату, жолақтар сызу жұмыстары жүргізілуде. Қосымша 11 көшенің құрылысына, яғни Т.Үркімбаев, Н.Оспанқұлов, Ким Яков, П.Әпейсов, Қойшығұл, Ж.Сақтағанова, С.Айтұаров, Ә.Досымбетов, Ә.Бердаулетов, С.Байқадамов, Қ.Сейтов көшелеріне және 16 көшені жарықтандыруға жобасметалық құжаттар дайындалған.

Сонымен қатар ауылды дамыту мақсатында демеушілер есебінен атқарылып жатқан жаңа жобалар қатары да көбейіп келеді. Мәселен, ауылдағы «Жаңару» ФҚ-ның қолдауымен Ким Яков көшесіне 2 млн теңгеге тас төсеу жұмыстары жүргізілсе, «Мелиоратор» ЖШС-ның қолдауымен 25 млн теңгеге балалар ойын алаңы салынған.

Айта кетейік, өткен жылы «Байтабын» ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен балалар ойын алаңы салынған болатын. «Мелиоратор» ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен 10 млн теңгеге Бұқарбай батыр атындағы мешітке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген еді.

### Тірлігі тындырымды Таң

Сапар барысында үлкен жолдан түсіп, Таңға қарай беттегеннен ауылдың кіреберісінен басталған тындырымды тірліктің нәтижесі кімді болса да тәнті етеді. Келік жолының ерексіз сүйенісі, ауылдың ажарына таңдай қағасын. Өрне барды бар деп айту керек. Таң өңіріміздегі ең көрікті елді мекен екенін тіпті аймақ жұрты мойындайтыны рас.

Кезекті кездесуге жиналған ауыл тұрғындарымен жүздесуде өңір басшысы ауданның даму жоспарын кеңінен тарқатып, оның ішінде ауылдағы елді мекендер мәселесін шешу нақты қамтылғанын баса айтты. Ал ауыл тұрғындары болса, аудан өкімінің атқарып датқан істеріне тағатын мін жоқ екенін айтып, тек қана береке мен бірлік тілеп, ел азаматтарына сәттілік тілеумен болды. Расында солай-ақ, Таңда айтарлықтай мәселенің жоқтығын ауылға табан тіреген адам дереу сезінеді.

Бұған дейін мыңнан аса тұрғыны бар Таңда 14 көше жөндеуден өткен. Ауыз су, аяқ су мәселесін толық шешімін тапқан. «Тан LTD» ЖШС-ның қолдауымен 59 млн теңгеге тұңғи жарықтандыру жұмыстары жасалып, 80 млн теңгеге тағзым алаңы салынды. Алдағы атқарылар жұмыстардан Жаңақоныс елді мекеніндегі балалар ойын алаңы жырда ағымдағы жөндеуден өтетінін атап өтуге болады. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ 200 млн теңгеге спорт кешенінің құрылысы да жүргізілуде.


Қашаннан тірлік бірлікпен бітетінін айтқан Асқарбек Темірбекұлы ауыл ағайындары үшін алдағы жылы игі істер қолға алынатынын айтып, тұрғындардың келініп бер көтерді. Осылайша іргелес жатқан бірнеше елді мекеннің тыныс-тіршілігін бағамдап, тұрғындардың талап-тілегіне құлақ түріп, мәселенің шешімінен хабардар еткен өңір басшысы ауыл ақсақалдарының батасын алды.

Бейсеніде аудан өкімінің халықпен кездесуі ауданға қарасты басқа да ауылдарда жалғасып, Жалағаш кентінде қорытындыланды. Жергілікті тұрғындар тарапынан өңірдің дамуына қатысты қандай ұсыныстар айтылды, бұл жайында басылымның алдағы санында қалам тербейміз.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ,  
Жандос ЖАЗКЕН,  
Ақтоғы БҮРКІТБАЙ**  
БАСЫ 1-БЕТТЕ



Тағым



Өмір жолы өнеге

Атпал азамат Жаңаталапқа басшылық еткен жылдары совхоз ауыл шаруашылығының барлық саласы бойынша оң нәтижелерге қандам басты...

Тәрбиенің отбасынан басталатынын жиі қайталаймыз ғой. Бабасынан мұра болған ұлттық құндылықтарды жәдігеріндей аялаған, қабағы мен көзқарасы арқылы ұрпағына тәлім-тәрбие берген біздің шалдарымызда да әулие шығар...

жай-күйін күйттеген ұрпағына өшпес тәлім-тәрбие берген әкелердің бейнесі уақыт өткен сайын ұлғайып барады. Сыр өңірінің жұртына танымал өзіне лайықты деңгейдегі құрмет пен туысқа көтерілген әке менің өмірімде өшпес із қалдырды. Бағытымды бағдарлаушы тәлімгерлеріме айналды. Төрткіл дүниемнің түпқазығы іспеттес болды. Ауыл шаруашылығы саласының майталманына айналған «малын жанына, жанын арына садаға қылған» арлы әке мен жететін биіктің де мөжесін белгілеп кетті...

Темірқазық
Өмір мектебінің үйретері көп қой. Етек-жеңін жинап, ертеңіне ой жіберген жастың алдынан өз басым жақсы тәлімгер кездесе екен деп отырамын. Өңірдің мектебіне қарағанда өмірдің мектебінің қиын болатынын ұғатын жақса келдік. Даңғыл жолға тұсын жолаушының адапайтыны секілді, жықпылы мен жырасы қатар кездесетін өмірдің кейбір соқпақтарында таманға медет, рухына сүйеу болатын темірқазық жандар қажет-ақ. Менің өмірімде осындай тәлімгер темірқазық жандар көп кездесті.

Менің өмірімде өзіндік өрнегін қалдырған ақ парақтай өлеңіме әдемі тәрбие суретін салған бір-бір әулеттің абыз ақсақалдарына айналған әкелеріміз жайлы қалам тербегенімде осы бір ұғым алдымды кес-кестеп шықпай қойды. Менің өлемімнің бағыты да, бағдаршамы да осы бір аяулы жандар еді десем, оқырманым күле қоймас. Ата-бабамыз секілді сөздің төркіні мен ұғымын ұлғайтып-кішірейту өзіміздің қолымызда ғой. Жігіт-желең қалыпты «қайыңның қатты бөзіндей» түрге айналдыру үшін бойымызға ұлттық құндылықтардың мәйегін сынапал өңізген ботатырсеқ бозбаланың нардның жүгін артарлық күйге жеткізуге таппынған әкелеріміздің еңбегін енді түсіндейміз.

Айналымыздағы құндылықтарға мән бермей, абызын алыстан іздейтін тірлік бізге ғана тән емес болар. Өзімізде бар байлықтың төркінін тебеден іздейтін құбылыс, «астындағы атын іздеген» қазақы болмыстың табиғатын білдіретін шығар деген ойдамын. Қамшының сабындай ғана құмырда соңына мол іс-тәжірибе қалдырған қара басының қамы емес, халқының жай-күйін күйттеген ұрпағына өшпес тәлім-тәрбие берген әкелердің бейнесі уақыт өткен сайын ұлғайып барады. Сыр өңірінің жұртына танымал өзіне лайықты деңгейдегі құрмет пен туысқа көтерілген әке менің өмірімде өшпес із қалдырды. Бағытымды бағдарлаушы тәлімгерлеріме айналды. Төрткіл дүниемнің түпқазығы іспеттес болды. Ауыл шаруашылығы саласының майталманына айналған «малын жанына, жанын арына садаға қылған» арлы әке мен жететін биіктің де мөжесін белгілеп кетті. Төрт түлік малын қасиетке балаған, тірлігінде атының терін суытпай құлан түзді бағындырған, қазақы қара алтынның қойнауын ақтарған, адами болмысымен-ақ аумағына танымал болған тұлға жайлы не десең де жарасар еді. Әке менің бағам мен мақтауыма мұқтаж емес. Артына қалдырған қазынасы мол ата-бабадан сіңірген қасиеті мен рухына адал болған, елдің игілігі үшін тыным таппаған Әмірбек Әбекезов те мазаасы тірлігін мәңгілікте қазығына мықтап байлап, тыныстап жатыр. Әкем адамға көрсетілер құрмет пен құтпимін жөн-жобасын үйретті, малдың бітпейтін күтіміне жекті. Ойын баласына тән қателіктерімізді қабағының қырымен-ақ көрсетіп отыратын. Сөзімен айналп, көзімен істің жұмбағын ұқтырды. Бір сөзбен айтқанда, бозеке бозбаладан қатепті қара нар сомдауға ұмтылды. Қазақы болмысымен, кесібіне деген адал қалпымен өзі де қазақтың қара нарына айналған ақсақал ұрпағын да, ұлысын да шаруаның көрігіне қыздырып алды. Бұл өңімнің бәрі енді маған керек. Менің ұрпағыма керек. Мына бір аласа-

пыран тірліктің көшінде барар бағытымнан жүрер жолымнан жаңылмас үшін әкемнен қалған сәулелі ізге ауық-ауық үнілуді мұрат тұтамын. Аспандағы көктің темірқазығы түсіген пәндесіне қалай көмегін тигіссе, көңілімің көкжиегіндегі менің темірқазығым да жүрер жолымды айқындап отырады. Ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға мұра болған қазақы тәрбиенің нәзік жібін үзіп алмасақ болды да...

Әкеге арнау

Алтай мен Атыраудың арасында, Кең байтақ қазағымның даласында. Хан да өткен, қара да өткен, батыр да өткен, Аңыз боп аты қалған алашына.

Сол кезең, Кеңесары заманында, Дерегі ұқсап кетер сәл аңызға. Бұқарбай жасағына үлес қосқан, Еңселі ер – Өтегүлдей бабамыз да.

Еңсесін жау баспаған алып екен, Ер екен аруақты, жалы бөтен. Өтегүл, Өтегүл деп қауымдасқан, Есімін ардақтаған халық екен.

Өтегүлден тарайды Әсім баба, Өзгеден артық туған жасын баба. Қарақұм, Қызылқұмды қатар жайлап, Еліне аты шыққан асыл баба.

Өткеннен қалған дерек бізге жеткен, Ұрпағы ақылдасып өлмең, көппен. «Еңбекші қазақ» атты басылымың, «Жаздады кіші жүзде асы өткен».

Бұл қазақ көп жүгінген тәуекелге, Ерлік те көп қой бізде тұя өтерге. Кешегі қызылдардың заманында, Нәубетті көрген атам Әбекен де!

Киелі Жалағашым, жасып бағым, Ойыммен жүрегіммен қасындамын. Сол елге ата-бабам қызмет етті, Бойының сарқын бөрің асылдарым.

Мақпал көл, Ағашты көл, Құм аралым, Өзінді ойлап әркез жұбанамын. Әмірбек, Қожахмет төрт текті деп, Жанымың жақсылыққа суарамын.

Жүрсем де қоныс қылып тау өтегің, Әкемің ер ісіне тұя өтемің. Әр талын туған жерді аялаймың, Қолының табы бар деп Әбекеңнің.

Жақсының жанына ел саялайды, Құрмет пен сыйластығын аямайды. Сіз екен Сыр бойының сабағың, Самал жел күні-түні аялайды.

Атыңды жайды еңбегің Сыр өліне, Айналдың Жалағаштың тілегіне. Немере, шөберем өсіп-өніп, Жүре бер ұрпағыңның жүрегіңде.

Бектемір ӘБЕКЕНОВ, Алматы қаласы



Кент көшесі жаңарды

Жол да – экономиканың күретамамы. Өңірлерді байланыстыратын күрежолдың да, елді мекендер арасын жалғайтын тасжолдың да жаңа жайлы болғаны қандай жақсы. «Қызылорда жолдары» ЖШС мамандары жыл басынан бастап кентте 10 көшеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді. Міне, солардың бірі – қазіргі таңда Т.Қыстаубаев көшесінде болып жатқан көше құрылысы. Біз де сол жөндеу жұмыстары жүріп жатқан көшеге ат басын бұрдық.

Ауданда ғана емес, жалпы барлық өңірдегі маңызы бар мәселелердің бірі – жол саласы. Себебі келік апатының басты себептерінің бірі де осы жол саласында екені белгілі. Қазіргі таңда «Қызылорда жолдары» ЖШС бастаған аудандағы бірнеше көшенің құрылысы аяқталды. Бригадир Құрбан Ботаевтың айтуынша, жұмыс сапасының жақсы болуының басты себебі – техниканың жаракты болуы. Жөндеу жұмысын жүргізіп жатқан техникалық жабдықтарын бақыласақ, расында жаңа әрі сапалы. Жыл басында басталған он көшенің құрылысын аяқтаған жұмысшылар сол техника жабдықтары арқылы сапалы жұмысымен жарқын жобалардың өміршең болуына үлес қосуда.

Т.Қыстаубаев көшесіндегі жөндеу жұмыстары жаяу жүргінші жолымен бірге есептегенде 15 қырғиықтан бастау алған. Асфальт қалыңдығы – 5 см, ұзындығы 1,300 шақырымды құраған бұл көше биыл кентте жөндеу жұмыстарының соңғысы. Тег-тегіс асфальт, екі жағындағы ені 1,5-2 м болатын жаяу жүргіншілерге арналған жол да сапалы жасалып, тас кеспешке орналастырылған. Біз де осы қызу жөндеу жұмыстары жүріп жатқан көшеге келіп, бригадиріңіз жол саласының жайын сурадық.

– Өзіміз жүріп жүрген жолдың жаңа жайлы болғаны расында жақсы. Ауданның дамуы мен кәркезі бағытында құрылыс жұмыстарымен қоса жол жөндеу жұмыстары да қарқынды жүріп жатқанын айта кетуіміз керек. Көріп тұрғаныңыздай, жол бойында арнайы техника мен құрылысшылар тынымсыз жұмыс жасауда. Жұмыстың 80 пайызы ауыр болғандықтан барлық істі техникамен еңсердік. Бүгінге дейін жол құрылысының 95 пайызын аяқтап, қолданысқа беріп те үлгердік. Алдағы уақытта осы соңғы көше құрылысын аяқтап, жылды тәмамдаймыз, – деді «Қызылорда жолдары» ЖШС бригадирі Құрбан Ботаев. Сапалы болатынындай бар, өйткені мердігер мекеме жол жөндеудің барлық ережелерін сақтап, жұмыс жүргізуде. Алдымен ескі асфальтты түсіріп, жолды тегістеп алды. Содан соң жолдың бетіне топырақ жайып, кейін бетіне қиыршық тас төседі. Осы жұмыс аяқталған соң жаңа асфальт төсеу жұмыстарын бастаған. Сондай-ақ түсіріліп алынған ескі асфальттың ұнтағы да пайдаға асырылып, жолдың екі жағына төселген.

Тұрғындардың ұсынысы бойынша жыл басынан бері І.Нұрқенов, А.Қазыбеков, А.Бектібаев, Желтоқсан, М.Шеменов, Мысық би, Жеңістің 50 жылдығы, И.Панфилов, Б.Нұрпейісов, Теміржол, Т.Абджелиев, З.Ижанов көшелері жөндеуден өтті. Иә, ауданда атқарылып жатқан жұмыстар көп. Әр ауыл-аймақта қаралайым халық үшін жасалып жатқан іс көңіл қуантады. Автокөлік жолдарын жөндеу, алдымен темір тұлпар тізгінінде тұрғындарға қолайлы болары сөзсіз. Осындай жағымды жаңалықтар мен игі бастамалар көп болса, ауданның әлеуеті артатынына сенім мол.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Хабарландыру

Құрметті оқырман! Газет шығаруға қажетті негізгі материалдардың қымбаттауына байланысты басылым құнын қайта қарауға мәжбүр болып отырмыз. 2021 жылмен салыстырғанда, қағаздың бір келісі екі есеге, пластинаның 1 данасы бір жарым есеге, бояудың бір келісі бес есеге қымбаттаған. Газет шығаруға кететін шығынның артуына байланысты «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты барлық басылымдар 2024 жылдан бастап 6 айға 500 теңгеге көтерілетінін хабарлаймыз. Бізді қолдап, түсіністікпен қарағандарыңыз үшін рахмет.

«Сыр медиа» ЖШС өкімшілігі

Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшылардың кезекті жалпы жиналысын 2023 жылғы 16 қазан күні сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды. Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі №4 үй («Ауыл» КС) ЖШС ғимаратында.

Күн тәртібі:

- 1. Серіктестіктің несиесі желісін қамтамасыз ету үшін серіктестіктің жылжымалы мүлкі несиесі желісі бойынша келіпке қою, соттан тыс сатуға келісім беру туралы. 2. Серіктестіктің жылжымалы мүлкі жалға беру (аренда) және одан әрі сату, сатуға келісім беру туралы. Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатынын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басылымға алып өткізілетінін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 01064000062

Қарты бар ел қазыналы

Қарттар – біздің асыл қазынамыз. Қазақстанның есіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілікте тыныш өмір сүруіне өз үлесін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыз. Өнегелі, өрелі ой айтатын ақсақалдарымыз бен ақжаулықты аналарымыз түрлі қоғамдық шараларда белсенділік танытып, жастарға үлгі болуда. Өнерді өн бойларына дарытып, киелі сахна төрінде таланттарын паш етіп жүрген ардагер ансамбльдер арасында аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығы аясында «Қарты бар елдің қазынасы бар» атты аудандық байқау өтті.



Шараға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев пен аудандық алқа билер кеңесінің төрағасы Кеңжеғара Сүлейменов бастаған бірқатар ел ағалары мен аудан тұрғындары қатысты. Байқаудың негізгі мақсаты еліміздің есіп-өркендеуіне, халқымыздың бейбіт өмір сүруіне үлес қосқан ардагерлердің қоғамдағы беделін көтеріп, қолдау көрсету, қазақтың ұлттық өнері мен өдет-ғұрыптарының тәрбиелік мәнін ұғындыру, жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттер қалыптастырып, өнеге беру болып табылады. Аталған байқауға 60 жастан асқан ата-әжелерімізден құралған аудан ауылдық округтердегі ансамбльдермен қатар әр сала бойынша 13 ардагерлер ансамблі қатысты.

Байқауға қатысушылар III кезең бойынша сыға түсті. «Тәрбие тал бекістен» деген алғашқы кезеңде ата-әжелеріміз сахналық көрініс арқылы жас ұрпаққа тәрбие берудегі өнегесі мен қазақы дәстүрлерді көрсетіп, шараның шымылдығын түрді. Салт-дәстүрлерді жаңғыртуда алдарына жан салмай, талай байқау-көрмелерге қатысып, ұлттық құндылықтарды насихаттап жүрген он саусағынан өнер тамған әжелер ансамблі «Көлнер – зор өнер» сайысында үй тапсырмасы бойынша өздері қолдан жасап әкелген

қолөнер бұйымдарын қалың көрерменге таныстырды. «Ән – көңілдің ажары» деген соңғы кезеңде ансамбльдер хормен және жеке дауыста 2 мәрте халық өнін орындап, көрермен қошеметіне бөленді. Байқауға қатысушыларға мәдениет саласының үздігі Әсет Шілдебаев, аудандық құрметті азаматы Ханбибі Асқарова, аудандық өнер мектебі директорының міндетін атқарушы Рахым Досманов пен ҚР Мәдениет қайраткері Роза Боранбаева және №201 мектеп-лицейінің көркем өңбек пәнінің мұғалімі Жамбыл Есболов төрелік етті.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, ардагерлер қауымы – елдің бірлігі мен тыныштығын бекемдеп, ауызбіршілік пен достыққа ұйытқы болып отырған үлкен күш іесі. Соның арқасында түрлі ұлт пен ұлыс тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Қазыналы қарттарымыз алған білімі мен жастық жалының күш-қуатын елдің әлеуметтік-экономикалық жағынан есіп-өркендеуіне, рухани кемелденуіне арнап келеді. Мол тәжірибе мен өмірден түйген көрген-білгендерінің өзі бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге. Өйткені олардың әр тәлімінде ұлағат бар. Бүгінгі өткізіліп отырған шараға қатысып, белсенділік танытып жатқан қарттарымызға алғысымыз білдіреміз деді, – аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев.

III кезеңнің қорытындысы бойынша әділқазылардың шешімімен «Білім» саласының ардагерлері мен Мәрелі Шәменов ауылының қатысушылары алғашқы үштікке тұрақтады, ал кент ардагерлерінен құралған ансамбль құрамасы II орынды иеленді. Кез келген аудандық, облыстық байқаулардан жүлдесіз қайтпайтын ақсулық «Асыл әжелер» ансамблі бұл жолы да жеңісті жанын қалдырған жоқ. Талантты жандардан құралған ансамбль бүгінге дейін халық арасында тағалымды өнермен танылып, көптің қошеметіне бөленіп жүр. Олар – жастық шағынан қоғам өміріне белсене араласып, бар жігерін жақсы іске арнаған жандар. Қарттық келіп, зейнетке шығу, немере-шөбере сүйіп отырса да, игі істен қол үзген жоқ. Кейінгі буынға үлгі болу мақсатында өздерінің өміршең өнерін насихаттап, сахнада ақжаулықты әже ретінде өнер көрсетіп, ауданның өнеріне сүбелі үлес қосып жүрген ақсулық «Асыл әжелер» ансамблі бұл сайыста да жеңіс тұғырынан көрінді. Барлық кезеңнен сүрінбей өткен әжелер ансамблі байқау ұйымдастырушылары мен ақсау ауылдық мәдениет үйінің қызметкерлеріне алғысын жеткізді. Шәжіре шырын жанына сақтап, көнеңің келбетін көрген ақжаулықты әжелеріміздің салған өсем әндері ақсау ауылдық мәдениет үйінің сахнасында жалғасын тапты. Сайыс соңында өнердің берекесін арттырып жүрген ата-әжелерімізден құралған басқа да ансамбльдер ынталандыру сыйлықтары мен арнайы алғыс хаттармен марапатталды. Тағалымды шараға қатысқан аудан тұрғындары сайыстан тәрбиелік маңызы мол өсер алып, аудан өнерпаздарының мерекелік концертін күтсе болды.

Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ





## Құттықтау

Төлепберген Бертаев, Сіәді 80 жылдық мерейтойына құттықтаймыз! Жұйрық уақыттың ұшқыр қанаты сізді сексенінші сәңгіріңізге алып жетті. Ауырталығы мен жақсылығы қатар жүретін өмір өрісінде абыроймен қызмет етіп, баланы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай, ұяда түлетіп, қыяға самғатып, білімді де мәдениетті азаматтар етіп қатарға қостыңыз. Амандық болсын, арамдыда аман-есен жүре беріңіз. Немере-шөберелеріңіздің есейгенін көріп, олардың үйлену тойларына қатысып, төрінде дәл қазіргідей қуанышпен отыра беріңіз!

Төлепберген Бертаев 1943 жылы 1 қазан күні Қармақшы ауданы бұрынғы Карл Маркс қазіргі Майлыөзекте дүниеге келді. 1963 жылы Жалағаш кентіндегі техникалық училищені бітіріп, мамандығы бойынша 1994 жылға дейін ауыл шаруашылығы саласында абыроймен жұмыс істеді. 1994 жылдан бастап аудандық мәдениет және спорт бөліміне қарасты мәдениет үйінде құрылған «Алтын-арай» ансамбліне қызмет атқарып, өмір мәдениеті мен руханиятының дамуына елеулі үлес қосты. Ол өзінің мүлтіксіз қызметінің нәтижесінде Бүкілқазақстан фестивалінің лауреаты және көркем өнерпаздар байқауының лауреаты атанды. Аталған мекемеден 2005 жылы құрметті зейнет демалысына шықты.

Ол қызметті де, отбасын да қатар алып жүрудің үлгісін көрсетті. Аяулы жары Қоғажай Ергалиева екеуі отбасында 5 бала тәрбиелеп, үлгілі әке бола білді. Балалары өкпені тағалымды тәрбиесін алып, қазіргі таңда қоғамда жауапты қызметтер атқарып жүр. Абыз ақсақал бүгінде 15 немере мен 6 шөберенің қызығын көріп отыр.



Құттықтаушылар жұбайы Қоғажай, балалары, қыздары, келіндері мен күйеу балалары және немере-шөберелері

## Өнегелі отбасы

# Тұрсынбековтер әулеті

**Ұлт болашағының ең басты тұғыры, ең басты іргетасы – отбасы. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің де түп-төркіні осы. Мықты мемлекеттің қалыптасуы үшін әрбір үйдің, әрбір шаңырақтың береке-бірлігі жарасымды, ынтымағы ырысты болуы керек. Үлкенге ізет көрсету, кішіге құрмет қылу – қазақ тәрбиесінің алтын діңгегі. Отбасы – кез келген мемлекеттің, кез келген халықтың бүгінгі мен болашағының бүтіндігінің кепілі.**



Қазақ ұғымында ықылым заманнан бері адам өмірінде отбасының апар орны ерекше. Ол ұлттың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұтастай алғанда ұлт болмысын сақтайтын ең басты қойма, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, уақыт пен кеңістіктен аман сақтап, келешекке табыстайтын елеуметтік орта.

Отбасы құндылығы қай заманда болсын мемлекет саясатының темір-қазығы, ардақ тұтар қазынасы болып табылады. Қоғамдағы әр отбасының болашағының беріктігі – мемлекет іргетасының мығым әрі кемелділігінің кепілі. Қазақ халқы қашанда «ел боламын десен, бесіңді түзе» деп отбасындағы ұрпақ тәрбиесінің маңызын айқындаған.

Отбасы беріктігін алдығы орынға қойып, жаңуының құндылығын насихаттау мақсатында 2014 жылдан бері тұрақты түрде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы ұйымдастырылып келеді. Алдымен ауылдардан ұсынылған мерей артық жаныялар аудан бойынша іріктеу кезеңінен өтіп, облысқа жолдана алады. Биыл тоғызшы рет ұйымдастырылған байқауға қатысуға етініш берген отбасылар саны ауданымызда жыл өткен сайын артып келеді.

Өнегелі құндылықтарды жаңғырту, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы – 2023» ұлттық конкурсына биыл аудан бойынша 19 отбасы қатысуға ниет білдіріп, конкурс ережесінің талаптары мен критерийлеріне сәйкес 9 отбасының құжаттары қабылданған.

Байқаудың аудандық кезеңінде Жаңадариялық Тұрсынбековтер отбасы бас жүлдеге ие болса, береке-бірлігі жарасқан өнегелі отбасылардың мерейін үстем ету, қасиетін қастерлеу мақсатында ұйымдастырылған облыстық кезеңде «Үлгілі отбасы» номинациясына лайық деп танылып, марапат төрінен көрінді.

Ұрпақтарын еңбекке баулып, тәзім мен бірлікке үндеген мерейлі отбасының ақсақалы Күмісбай Тұрсынбеков өзінің саналы ғұмырында елге қызмет етіп, ССР ауыл шаруашылық министрлігінің төсбелгісімен, «Құрмет» грамоталарымен марапатталған. Өмірлік жары Бақтыгүл Ақпанбетова – 8 баланы дүниеге әкелген алтынқұрсақты ана. 1975-1987 жылдары үш рет еңбекшілер депутаттарының ауылдық кеңесіне депутат болып сайланған. Еңбегі өлеңіп, 1987-1989 жылдары халық депутаттарының облыстық кеңесіне депутат болып сайланды. Бүгінде сегіз баланың ортасында мәуелі бәйтеректей болып отырған ата-ананың кеудесінде «Алтын алқа» жарқырап тұр.

Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қағидаларын ұстана отырып, өнегелі құндылықтарды, елжандылық қасиеттерді балаларының бойына дарытып

келе жатқан бұл мерейлі отбасы – бүгінде 23 немере, 3 шөбере өрбіткен өнегелі әулет. Қоғам ісіне белсене араласып, сапалы ұрпақ тәрбиелеп отырған, өмір жолы өнегемен өрілген Тұрсынбековтер отбасы көпке үлгі.

– Қазақ отбасы құндылығына ертеден ерекше мән берген. «Отбасының өнегесі – Отан өнегесі, ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер, ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің, әкеге қарап үл есер, шешеге қарап қыз есер» деген мақал-мәтелдер соның айғағы. Әкесін пана тұтып, ана мейіріміне қанып өскен ұрпақ та өнегелі болады. Біздің отбасында да солай, әкесі жұмыстан келгенде балалары алдынан шығып, әкелерінің тапқан табысына қанша болса да қанағатпен, ризашылықпен қарап үйренген.

Ал бала тәрбиесіне қазақ құрсақтан бастап мән беру керек. Сәби бойға біткеннен бастап тәлім-тәрбиесі мол кітаптан оқып, ұлттық ән-күйді тыңдап, тек жақсы сөздер айту керек. Яғни ұлтты өзгеден ерекшелеп, оның болмысын сақтауында отбасының рөлі бірінші орында болуы керек. Қандай қиын жағдай болса да шаңырақты шайқалтпай, балаға жақсы тәлім-тәрбие беру – мерейлі отбасы болудың басты

дінгегі. Жолдасым екеміз өмірдің ащысын да, тұщысын да бірге көрдік. Алғаға шүкір, балаларымыз ер жетіп, барлығы да жоғары білім алды.

Жас отбасыларға айтар кеңесім, қолдан келетін істен қашпаңдар. Ешқашан еңбектен қол үзбей, ұдайы ізденісте болып, алға қарай ұмтылыңдар. Сонда ғана сөңдер өздеріңді алға сүйреу арқылы балаларына үлгі бола аласыңдар дейді, – ағамыз Бақтыгүл Ақпанбетова.

Бала тәрбиесі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Үйдің үл мен қыз – ұлтымыздың өртені болашағы, сондықтан бала тәрбиелеген кезде мән ұлтымыздың болуына жауапкершілік жаттырымыз деген болжамды болуы тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әрбір отбасын сақтау – Отанымыздың берік болуының кепілі. Олардың әрқайсысына тұтастық пен татулықтың дәстүрін орнықтырумыз керек» деген болатын. Отбасы құндылығын ұлықтап, өмір жолы өнегемен өрілген отбасылар қашанда жастарға үлгі-өнеге болары хақ.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

## Тағзым

Кеше Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, «Алтын дәрігер» құрметті атағының иесі Қалыбаев Сақы Ұзақбайұлының құрметіне қойылған мемориалды тақтаның ашылу салтанаты өтті.



# Болмысы дара дәрігер

Шарада аудан әкімі Асқарбек Есжанов Сақы Ұзақбайұлының өмірі мен қызметін, ел үшін өткен еңбегін кейінгі жастарға насихаттау парыз екенін жеткізді.

– Сақы Ұзақбайұлы – ауданның денсаулық сақтау саласының негізін қалағандардың бірі. Әкелеріміздің қандай қиын кезде, қандай жағдайда жұмыс істегенін тарихтан білеміз. Тарих беттерін парақтасаңыз 1957 жылы Сақы Ұзақбайұлы жоғары оқу орнын бітіріп, елге келгенде ауданның денсаулық сақтау саласындағы жағдайды білеміз. Білесіз де, сол жылдарда еліміз деп еңбек еткен әкелеріміздің еңбегіне еріксіз бас иесіз. Қазіргідей барлық талаптарға сәйкес келетін аурухана, емхана, түрлі заманауи құрал-жабдықтар деген ол кезде ешкімнің түсіне де кірмейтін. Сақы Ұзақбайұлы – ауданның денсаулық сақтау саласының қалай құрылып, қалай дамып өркендегенін, еліміз тәуелсіздік алып, денсаулық сақтау саласы бүгінгідей жаңа деңгейге көтерілгенін өз көзімен көріп кеткен бақытты жан. Ол – тек дәрігер ғана емес, ұстаз, тәрбиеші. Отыз жылдан астам ауданның денсаулық сақтау саласын басқарған уақытта қаншама жас маманды тәрбиелеп шықты. Қазір Сақы Ұзақбайұлының шөкпенінен шыққан дәрігер мамандар баршылық. Олар абыроймен еңбек етіп келеді, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Білікті дәрігердің еңбек жолына тоқталған Жалағаш ауданының құрметті азаматы, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов Сақы Ұзақбайұлын әріптестеріне үлгі етті. Өз заманына да шамның жарығымен ата жасаған кешегі білікті дәрігердің бүгінгідей заманауи жаңа аурухананың салынуына тілекші болғанын айтты.

Алтын дәрігер атанған Сақы Ұзақбайұлының адамгершілігі, іскерлігі, қарапайымдылығы мен қамқорлығы замандастарына үлгі болғанын жеткізген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев аудандық ауруханаға мемориалды тақтаның қойылуы ардақты азаматқа көрсетілген құрмет деді.

Сақы Ұзақбайұлы ағамыздың жұбайы, денсаулық сақтау саласының ардагері Зағира Сейтенова ауданның құрметті азаматы атанған тұлғанын өмір тарихы өлшеусіз жақсылыққа толы болғанын тілек етті. Оның еңбек еткен жеріне ескерткіш тақтаның орнатылуы өткенді ұлықтаудың бір парасы болмақ. Кейінгі өсіп келе жатқан ұрпақ елге, туған жерге Сақы Ұзақбайұлындай еңбек ететіні сөзсіз.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



## Естелік

**Қария – ақыл айтар дана, ел төрінде құрметке бөленген тұлға, кейінгі буынға өмірімен өнегелі жан. Шаңырақтың шаттығын сақтап, бірлігін бекем еткен, елі мен жерінің кеңесшісі болып отырған, аудандық редакцияның дамуында өзіндік үлесі бар Сәрсенкүл Беркімбақызының үйіне барып, қарттар күні мерекесімен құттықтап, әңгімесін тыңдап, ақылын алдық.**

1 қазан – саналы ғұмырында «Отан» деп тынымсыз еңбегімен мемлекетіміздің негізін қалауға үлес қосқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Осындай өнегелі жандардың бірі – Сәрсенкүл Беркімбақызы.

Ол 1945 жылы 17 қарашада дүниеге келген. Т.Жүргенов атындағы №123 мектепте білім алған. Қазіргі таңда жолдасы Алтынбек қария екеуі – үш ұл мен бір қызынан тараған немере-шөберелерінің қызығын көріп отырған аудандағы үлгілі отбасының қос бәйтерегі. Алтынбек ағамыз біраз жасқа келгенімен әлі де еңбекжор екен. Есік алдындағы бау-бақшасын өсіріп, ауласын көгалдандыруға үлес қосып отыр.

Кішкентайынан ата-әжемнің жанында жүріп, әңгімелерін көп тыңдайтынмын. Маған ертегі секілді көрінген бұл әңгімелер расында тарихта қаларлықтай оқиғалар екен ғой.

Есінің кезін көрген ата-әжелеріміз белгілі бір мамандық иесі болмаса да, өмірде жинаған тәжірибесімен дәрігер де, мұғалім де, емші де болып жұмыс істеген. Осының бір дәлелі кейіпкеріміз Сәрсенкүл Беркімбақызы мектепті тәмамдаған бойда аудандық редакцияда жұмыс жасап, 15 жыл бойы газеттің халыққа таралуына үлес қосқан. Сол жылдары 60 сом айлық алып, тапқан нәләкәсімен отбасын асырған. Өз бақытын, балаларының өкесін де осы жерден тапқан. Жұбайы Алтынбек ағай редакция басшысының көлік жүргізушісі қызметін атқарған.

Жалпы әкеміз 1965 жылдан бастап аудандық редакцияға теруші-хатшы маманы ретінде жұмыс жасаған. Адамның жас кезі әркімге ыстық көрінді ғой. Аудан дамуында ерекше орны бар Сәрсенкүл әкеміз редакциядағы қызықты естеліктерімен көзіне жас ала отырып бөлісті.



# Ардагер – асыл қазына

– «Жалағаш жаршысы» газеті ауданымызда өзіндік ерелі тарихы бар, тамыры тереңнен бастау алатын басылым ғой. Аудан тарихын таңбалап, сонау 1934 жылдан бері қарай халыққа ақпарат беріп, қызмет жасап келеді. Кезінде атауы бірнеше мәрте өзгеріп, мекемесі де басқа аудандарға көшіп, 1965 жылдан бастап мекеме ауданымызға қайта келген. Ол жылдары 15 шақты адам жұмыс істеп, баспаханасы да ауданымызда болып, газет те өзімізден шығатын. Тілшілер газет арқылы түрлі мақалаларымен халықты ақпараттандырып отырды. Мен өзім 15 жыл бойы сол тілшілер дайындап берген мақаланы теруші ретінде қызмет атқарғанмын. Қазір қоғам дамыған ғой, біздің кезімізде тілшілер параққа өз мақалаларын жазып әкеліп беретін. Ол жерде жұмыскерлер қолдары қара май болып, әріптестерді құрастыратын. Біз сол машинкада теріп, мақалаларды көзепкен шығаратынбыз. Аптасына үш мәрте, дүйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері газет таратылатын. Ол жылдары баспахана және редакция деп аталатын екі бөлім жұмыс жасады. Сонымен бірге штаттан тыс тілшілер де болған, олар да мақалаларын жиі әкеліп тұратын. Жалпы ақпарат айдынында өзіндік орны бар «Жалағаш жар-

шысы» газетінің қашаннан ешкімге ұқсамайтын өз жолы бары анық. Қазір де үйге газет келген бойда үзбей атаң екеміз таласа оқытымыз бар. Не десе де балықсыз материалдарының рухани бағыты мен мазмұндық мәні терең, оқырманға ой сала білетін ауданның үздік газеті ғой, – дейді Сәрсенкүл Беркімбақызы.

Қарты бар үйдің қазынасы бар. Үйдің берекесі мен мерекесі, отбасының ажарын кіргізіп тұратын үйдің үлкендері біздің басқан әр қадамымызға дұрыс жол сілтеп, ата-бабамыздан қалған нақыл сөздермен сусындатып отырады.

Бүгінде ата-әжемнің отбасы аудандағы – үлгілі отбасылардың бірі. Тату-тәтті, әр баласы – халыққа пайдасы тиер бір-бір маман иесі. Кішкентайынан өсіріп, тәрбиелеп, қазір соның жемісін көру деген осы емес пе? Әлбетте әр отбасының өзіндік өнегесі болады. Әрине оның ұйытқысы қазыналы қарттарымыз өкпені белгілі.

Кейіпкеріміз редакциядан жұмыстан шыққаннан кейін аудандағы жедел-жердем бөлімінде хатшы қызметін атқарған. Осы жұмыс орнында 5 жыл қызмет етіп, денсаулық жағдайына байланысты жұмыстан шыққан. Кейін зейнетке шығып, қазіргі кезде бала-шағасының қызығын көріп отырған батыр ана.

– Иә, менің ағам – өте еңбекжор кісі. Менің кішкентай кезімнен есте қалғаны, жұмыстан үйге келген бойда шаршадым демей, біздің жағдайымызды жасайтын. Бар еркілігімізді көтеріп, отбасымыздың ұйытқысы болатын. Қанша ауырып жүрсе де бізге білдіргісі келмейтін. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда түсінесің» деген рас екен. Қазір өзім бала-шағам болғалы өкпені мен ағамның қадірін енді ұғып жүрмін. Бөлек тұрғасын жиі барып, көңілдерін көтеріп, жағдайын сұрап тұруға тырысамын. Осы орайда қарттар күнімен құттықтап, өкпені мен ағам деген алғысымызды білдіріп келеді, – дейді Сәрсенкүл Алайдың тұңғыш баласы БолатАққасинов.

Көпті көрген асыл қарттарымыз бақытты күн көшіп, қай кезде де халқына сүйеу, жұртына қамқор болып, жүзінен қуаныш пен күлкі кетпей, балалары мен немерелерінің қызығын көріп, аман-сау күн көшей. Ал біз өсе байлыққа тең келмейтін асылдарымыздың қадірін біліп, олардың барына шүкіршілік етейік. «Атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз» дейді қазақ. Осы күйге түседен сақтасын бізді!

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1546